

БЕКІТЕМІН

**«Сәрсен Аманжолов атындағы
Шығыс Қазақстан университеті»**

КЕАК

Басқарма төрағасы – ректор

М.А.Төлеген

« » 2025 ж.



«Мамандығым – мақтанышым!» бейнероликтер байқауын өткізу туралы БАЙҚАУ ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы Ереже «Мамандығым – мақтанышым!» атты бейнероликтер байқауының (бұдан әрі – Байқау) мақсаттары мен міндеттерін, өткізу тәртібі мен мерзімдерін, жұмыстарға қойылатын талаптарды және бағалау критерийлерін анықтайды.
- 1.2. Байқауға С.Аманжолов атындағы ШҚУ-дың барлық мамандықтарының 1-4 курс студенттері, магистранттары, докторантура білім алушылары қатыса алады.

2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

- 2.1. Байқаудың мақсаты мен міндеттері:

- Жастар арасында еңбекке, кәсібилікке және шығармашылық әлеуетті жүзеге асыруға бағытталған құндылықтарды насихаттау;
- Кәсіби өзін-өзі тануды ынталандыру, ой-өрісті кеңейту және мамандыққа деген қызығушылықты арттыру;
- Таңдалған мамандықтың оң бейнесін калыптастыру, кәсіби бағдар беру жұмысының бір түрі ретінде;
- Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда заманауи әдістерді іздеу, ақпараттық технологияларға қызығушылығын арттыру.

3. Байқауды ұйымдастыру

- 3.1. Байқауды ұйымдастырушы – С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті.

- 3.2. Ұйымдастырушы:

- Байқау туралы ақпарат беруді;
- Жеңімпаздарды марапаттауды қамтамасыз етеді.

- 3.3. Байқауға жұмыстарды қабылдау 2025 жылғы 12 мамыр, сағат 18:00-ге дейін жүзеге асады.

- 3.4. Бағалау нәтижелері 2025 жылғы 13 мамыр, сағат 15:00-де жарияланады.

Қорытынды <https://vku.edu.kz/> ресми сайтында жарияланады.

4. Байқау құрылымы

- 4.1. Қатысушылар С.Аманжолов атындағы ШҚУ-да жүзеге асырылып жатқан білім беру бағдарламалары туралы кәсіби бағдар және имидждік бағыттағы бейнеролик әзірлеуі қажет.

- 4.2. Бейнеролик келесі ақпаратты қамтуы керек:

- Университетте оқытылатын мамандықтардың мазмұны мен болашағына тигізер пайдасы, оқуға түсу шарттары;
- Университет қабырғасында аталған мамандықты меңгеру ерекшеліктері: бағдарламалардың артықшылықтары, оқу шарттары, тәжірибеге бағдарлануы, оқытушылар құрамы және т.б.;
- Мамандықтың еңбек нарығындағы сұранысы, мансаптық мүмкіндіктері және кәсіби өсу жолдары;
- Белгілі түлектер, қызықты деректер, студенттер мен оқытушылардың жетістіктері туралы қосымша пайдалы ақпарат.

Мақсат – С.Аманжолов атындағы ШҚУ-дың білім беру бағдарламаларының тартымдылығын көрсету және талапкерлерді мамандық таңдауға ынталандыру.

- 4.3. Бейнероликке қойылатын техникалық талаптар: кез келген бейнежасау бағдарламасында дайындалуы мүмкін. Ұзақтығы – 3 минуттан аспауы тиіс.

Байқауға арналған бейнематериалдарды 8 707 4181809 нөміріне Telegram арқылы жіберу керек (сапалы форматта).

5. Жұмыстарды бағалау критерийлері

- 5.1. Тақырыпты ашу толықтығы – 10 балл
- 5.2. Мамандыққа деген жеке көзқарасты негіздеу, шығармашылық қабілетті дамыту мүмкіндіктерін сипаттау – 10 балл
- 5.3. Ақпаратты ұсынудағы шығармашылық және креативтілік – 10 балл
- 5.4. Материал мен сюжеттің өзіндік ерекшелігі – 10 балл
- 5.5. Жұмыстың орындалу сапасы (композиция, түс үйлесімі, сауаттылық, ұқыптылық) – 10 балл

Жалпы балл саны – 50

6. Қорытынды шығару

- 6.1. Жеңімпаздарды анықтау және қорытынды жасау үшін университет қызметкерлері мен телевизия мен журналистика саласының мамандарынан құралған қазылар алқасы құрылады.
- 6.2. Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен қатысушыларға Бас жүлде – 200 000 теңге, 1-орын – 150 000 теңге, 2-орын – 100 000 теңге, 3-орын – 70 мың теңге, ал жеті қатысушыға 50 000 теңгеден ынталандыру сыйлығы беріледі.